

***«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК***



***Тақырыбы: «Анамызға мың алғыс»***

***№7 «Шаңырақ» ортаңғы тобы***

***Тәрбиешілері: Шарипова Ж.М***

***Сүлейменова.З.Ж***

***2023 жыл***

*Көңілді әуен қосылып балалар қол ұстасып залға кіреді).*

**Жүргізуші:** *Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар! Барлығымыз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен бірге 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Бұл - бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік жанды қыздар қауымының төл мерекесі.*

*Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын! Сіздерге сарқылмайтын денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Осы күні өздеріңізге бағытталған тілектер періштенің құлағына шалынсын. Әрдайым біздердің жанымызда жүре беріңіздер.*

*Ана десем шешек ашып жанары,*

*Өмірімнің бастау алар ажары.*

*Ана деген тіршілікке пана боп,*

*Әрбір үйде жұлдыз болып жанады, - дей отырып «Шаңырақ» тобы бүлдіршіндерінің «Анамызға мың алғыс» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!*

*Шалқып, тасып әніміз*

*Жадырасын жанымыз,*

*Ана, сені құттықтап,*

*Әндетеміз бәріміз.*

*Алдарыңызға балапандарымыздың орындауында*

**Хор.** *«Анашым-ана»*

**Би** *«Аспаздар биі*



*Жүргізуші: Барша ана құтты болсын мерекеңіз,*

*Әрқашан ана сізбен берекеміз.*

*Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам,*

*Сонда біз кісілікке теңесеміз, -дей отырып ұл-қыздарыңыз жүрекжарды тілектерін ұсынады.*

**Бексұлтан**

*Анам, анам, ақ анам*

*Мен өзіңнің ақ балаң,*

*Айтқан тілінді аламын*

*Жұмсағанда барамын.*

**Муслим**

*Біз доспыз гүлдермен,*

*Текке оны жұлмаймыз*

*Той күні бір-бірден*

*Аналарға сыйлаймыз.*

**Әли.О**

*Мен гүлдерді жұлмаймын*

*Торғайларды қумаймын*

*Айтқан сөзін тындаймын*

*Анашымды сыйлаймын*

**Дарын.А**

*Әр сөзімді жаттаған*

*Жүрегімде сақтаған*

*Анашым деп мақтанам*

*Айналайын ақ мамам*

**Дарын.**

*Ақ мамамды әрқашан*

*Сағынамын сыйлаймын*

*Мейрам сайын мен оған*

*Түрлі сыйлық сыйлаймын*

**Мадина**

*Қандай қызық көктемде*

*Күн шуағын төккенде*

*Гүл тереміз алуан*

*Шығып алып көк белге*

**Жүргізуші:** Балалар бізге кім келгенін қараңыздаршы. Өзі сондай нәзік, сүйкімді ханым келді.

**Көбелек:** Сәлеметсіздерме қонақтар! Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын. Мен сіздерге көктемгі гүлдердің хош иісімен бірге әдемі биімді ала келдім. Менімен бірге билегісі келетін кішкене ханшайымдар болса ортаға шақырамын.

**Би: «Көбелектер»**

*Келесі кезекті балалардың тақпақтарына береміз*

**Рахымжан**

*Адал бол деп балдырған*

**Диана**

*Анам кетсе жұмысқа*

Әділдікке баулыған  
Жүрегінде мархабат  
Анамызға мың алғыс

Анашымды сағынам.  
Құлағына сыбырлап  
Анама арнап ән салам.

**Сабина**

**Ахмад**

Әжем ұйықтар алдында  
Ертегі айтып береді.  
Еркелеп ойнап жатқанда  
Ылғи ұйықтап қаламын.

Анамды жақсы көрем  
Айтқан тілін алып жүрем  
Қасымда апам жүргенде  
Шаттанып ойнап күлем

**Жүргізуші:** Бишілер бар бізде қыздар мен ұлдар тобы,

Мерекеге өнерімен келген бүгін.

Таң қалдырып, қанекей би билеші,

Қол соғып, демеу берсе көрермендер!

**Би «Джентльмендер» .**

**Ойын: «Кім жылдам»**

**Жүргізуші:** Балалар қар еріп ,құстар ән салып ,ағашқа гүлдер шығатын уақытта таяу.Адамдарға қуаныш сыйлайтын көктем келеді.Олай болса бүгінгі мерекемізге көктемді шақырайық(әуенмен залға көктем келеді

**Көктем:** Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар, аяулы аналар! Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен бүгін сол аналарымызға арнап қырдың әсем гүлдерін ала келдім. (бір себет гүлмен кіреді) Балалар мына гүлдерді аналарымызға сыйламай инестеп тұрсыздар. Кәне бері келіңіздер. Аналарыңа қырдың гүлін сыйлап ,мерекеде көңіл күйлерін көтерейік

**Жүргізуші:** Әнді сүйсең, менше сүй, – деп, Абай атамыз айтқандай балалардың орындауындағы «Ана » әнін қабыл алыңыздар.

**Хор: « Ана»**

Жеке дауыста «Анаға алғыс» әні. Орындайтын Аманғалиев Дарын

**Жүргізуші:** Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жсалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын

*бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Ана-тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші! Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар! «Көбелек пен Көктем» ханшайымдарына да келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар дейміз.*





